ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 5 маусым Іс 2713-24-00-2/833 Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья У.Е.Хайруллина
сот отырысының хатшысы Б.Алимбаевтің қатысуында
ашық сот отырысында талап қою бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП КОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«PromPozh-service» Ержан Жансая Ерденқызы жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2) 2485 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР:
прокурор С.Такеева
талап қоюшының өкілі Л.А.Турдалиева
жауапкер өкілі А.А.Косжанова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 28 ақпанда «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - талап қоюшы) және «PromPozh-service» Ержан Жансая Ерденқызы жеке кәсіпкері (бұдан әрі - жауапкер) арасында №32-2024 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі-шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, жауапкер 124 250 теңгеге ағаш шатыр конструкцияларын өртке қарсы құраммен өңдеу және ағаш

конструкцияларды өңдеу бойынша зертханалық қорытындыны беру қызметін көрсетуді міндетіне алған, ал талап қоюшы көрсетілген қызметтерді қабылдауға және ақысын төлеуге міндеттенген.

Шарттың орындау мерзімі 15 күнтізбелік күн деп шарттың 1-қосымшасында көрсетілген, яғни шартты орындау күні 13 наурыз 2024 жыл белгіленген.

2024 жылғы 15 сәуірде шарт тараптар арасында бұзылған.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 2485 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінді, онда жауапкер шартта көзделген міндеттемесін толық орындамағанын атап көрсеткен.

Жауапкер талап қоюға қарсы пікірінде шартты орындауға орын алған форс-мажорлық жағдайлар орын алғаны көрсетілген.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі қарсы пікірдегі уәждерін қолдап, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруын сұрады.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жатады деген қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап қою бойынша

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының (одан әрі-Заң) 12-бабы 4-бөлігінің 3-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өңім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына (одан әрі-АК) сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 683-бабының 1-тармағына сәйкес өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша орындаушы тапсырысшының тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуге (белгілі бір іс-әрекет жасауға немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыруға) міндеттенеді, ал тапсырысшы бұл қызмет көрсетуге ақы төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 3.1-тармағына сай, орындаушы өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сотта шарт жауапекрмен орындалмағаны, шарт бұзылғаны анықталды.

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У Е., 12.06.2024
Қазақстан Республикасы Сот төрелігі Комитетінің ақпараттық жүйесінде 15.07.2024 сағат Хайруллина У Е. 16.07.2024
2713-24-3-1/868

Жауапкермен шартты бұзуы дауланбады және сотпен заңсыз деп танылмады, бұл жауапкердің шартты орындалмауын білдіреді.

Жауапкердің ағаш конструкцияларды отқа төзімді құраммен өңдеу шартта белгіленген мерзімде жүргізілмейтіні деген уәжін сот негізсіз деп санайды, себебі Заңның 24-бабына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада белгіленген талаптарға және шарттарға келісім білдіру түрі, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары мен осы Заңның 6-бабында белгіленген шектеулерге сәйкестігін растайтын, өзі туралы мәліметтер алуға келісім білдіру түрі болып табылады.

Ауа райы жағдайына байланысты қызмет көрсетудің мүмкін еместігі туралы хабарламамен шарт жасасқаннан кейін талап қоюшыға хабарласпаған.

Сотта, ғимараттың шатыр ішінде орнатылған ағаштар өңдеуге жататыны анықталды, ал жауапкермен өңделетін ағаштар орналасқан шатырдың ішіндегі температурасын өлшеу туралы дәлелдеме ұсынбады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалған.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сондықтан, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қанағаттандыруға жатады деп сот санайды.

№2 талап қою бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл, өсімақы) айыбы, борышкердің міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда несие берушіге заңмен немесе келісім-шартпен анықталған ақша сомасын төлеуге міндетті.

АК-нің 359-бабына сәйкес борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың,

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 12.06.2024
Әрлы қылмыстық сот: 15.07.2024 Хайруллина У. Е. 16.07.2024
2713-24-3-1/868

жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, өнім беруші өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуі қажет деп көрсетілген.

Талапкердің ұсынған есебіне сәйкес тұрақсыздық айыбы 2485теңгені құрайды. Есеп дұрыс жасалған.

Сондықтан, міндеттемені бұзған жауапкерден мемлекет пайдасына 2485 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

ҚР АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 1921 теңге мемлекеттік баж өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою қанағаттандырылсын.

«PromPozh-service» Ержан Жансая Ерденқызы жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«PromPozh-service» Ержан Жансая Ерденқызы жеке кәсіпкерінен (ЖСН 010809600188) мемлекет пайдасына 2485 (екі мың төрт жүз сексен бес) теңге тұрақсыздық айыбы және 1921 (бір мың тоғыз жүз жиырма бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты осы сот шешімі түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап, ал сот отырысына қатыспаған тұлғалар, оларға сот шешімінің көшірмесі жолданған күннен бастап бір айдың ішінде Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **Хайруллина У.Е.**

Құжатқа қол қойылған Хайруллина У.Е., 12.06.2024

Заңды күшіне енген күні 15.07.2024 сотья Хайруллина У.Е. 15.07.2024